18	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Мухамеджанова Жансулу	бастауыш сынып мұғалімі	01.09.2020ж	педагог-модератор	кезекті	педагог-сарапшы	педагог-сарапшы	иә
19	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Бүркітбай Ораз Төреғалиұлы	география пәні мұғалімі	24.12.2021ж	педагог-модератор	мерзімінен бұрын	педагог-сарапшы	Мерзім аяқталғанша өз санаты	иә
20	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Мешітхан Ақжол	тарих пәні мұғалімі	25.12.2021ж	педагог-модератор	мерзімінен бұрын	педагог-сарапшы	педагог-сарапшы	иә
21	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Тұрғанбек Бибінұр	химия пәні мұғалімі	15.11.2022ж	педагог	кезекті	педагог-модератор	педагог	иә
22	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Шерқұл Назым	шет тілі пәні мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә

23	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Хуанган Гүлжазира	шет тілі пәні мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
24	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Мыңбаева Бегайым	информатика пәні мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
25	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Жалыныш Ахжол	көркем еңбек мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
26	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Разакбергенова Молдир	бастауыш сынып мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
27	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Өтеген Аяулым	бастауыш сынып мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
28	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Садыкова Аида	шет тілі пәні мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
29	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Ғылымбек Мағжан	тарих пәні мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
30	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Даулетжан Едіге	денешынықтыру пәні мұғалімі	02.09.2024ж	педагог	кезекті	педагог-модератор	педагог	иә
31	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Қабажай Қуанышқұл	денешынықтыру пәні мұғалімі	02.09.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
32	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Тұрсынбай Гүлмаруа	математика пәні мұғалімі	20.08.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог-модератор	иә
33	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Туреханова Жанна	биология пәні мұғалімі	24.10.2024ж	педагог	мерзімінен бұрын	педагог-модератор	педагог	иә
34	"С.Сәдуақасұлы атындағы №78 мектеп -гимназия" ШЖҚ МКК	Мухамеджанова Жансулу	әлеуметтік педагог		педагог	кезекті	педагог-модератор	педагог	иә

Аттестаттауға қатысқан педагогтердің нәтижелері бойынша «Педагог-зерттеуші», «Педагог-сарапшы» және «Педагог-модератор» біліктілік санаттары бойынша келесі көрсеткіштер анықталды.

«Педагог-зерттеуші» санаты бойынша аттестаттауға 9 педагог қатысты. Оның ішінде 1педагог біліктілік санатын жоғарылатса, 8 педагог қолданыстағы санатын растады. Бұл аталған педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелілігін, әдістемелік жұмыстарының сапасын және аттестаттау талаптарына сәйкес дайындық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

«Педагог-сарапшы» санаты бойынша аттестаттауға қатысқан педагогтердің ішінде 3 педагог санатын жоғарылатып, белгіленген талаптарды толық орындады. Сонымен қатар 2 педагог «Педагог-модератор» санатына түсірілді. Ал мерзімінен бұрын аттестаттауға қатысқан 6 педагог ПББ-дан қажетті ұпай жинағанмен, портфолио бойынша аттестаттау талаптарына сай

болмады, мерзімі аяқталғанша өз санаттарында қалдырылды. Алдағы уақытта кәсіби қолдау көрсету және аттестаттауға жүйелі даярлау жұмыстарын күшейту қажеттігін көрсетеді.

«Педагог-модератор» санаты бойынша аттестаттауға 14 педагог қатысып, олардың 10-ы оң нәтиже көрсетіп, аттестаттаудан сәтті өтті. 4 педагог ПББ балдарының жеткіліксіздігінен белгіленген талаптарға сәйкес нәтиже көрсете алмады. Бұл көрсеткіш аталған санат бойынша педагогтерге әдістемелік қолдау мен консультациялық жұмыстарды жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Жалпы аттестаттау нәтижелері педагогтердің кәсіби даму деңгейінің тұрақты өсіп келе жатқанын көрсетті. Бірқатар мұғалімдер жоғары санаттарға өтіп, өздерінің кәсіби шеберліктерін дәлелдеді. Сонымен қатар аттестаттаудан өтпеген педагогтермен жеке жұмыс жүргізу, тәжірибелі әріптестер тарапынан тәлімгерлік ұйымдастыру, аттестаттау талаптарын түсіндіру және портфолио әзірлеу бойынша әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын күшейту қажет.

Қорытынды:

2025 жылғы аттестаттау қорытындысы мектеп педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру бағытындағы жұмыстың жүйелі жүргізілгенін көрсетті. Аттестаттау нәтижесінде бірқатар педагогтер біліктілік санаттарын жоғарылатып, кәсіби өсуге ұмтылысын дәлелдеді. Алдағы кезеңде педагогтердің сапалы дайындалуына жағдай жасау, кәсіби қолдау көрсету және үздік тәжірибелерді тарату жұмыстары жалғастырылатын болады.

Ұсыныстар

1. Аттестаттаудан өтпеген педагогтерге арналған жеке кәсіби даму жоспарын әзірлеу.
2. Аттестаттауға дайындық бойынша мектепішілік семинарлар мен практикумдарды жүйелі өткізу.
3. Санатын жоғарылатқан педагогтердің тәжірибесін тарату жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Жас және тәжірибесі аз педагогтерге тәлімгерлік қолдау көрсету.
5. Педагогтердің портфолио жинақтау және талдамалық есеп дайындау дағдыларын жетілдіру.
6. Келесі аттестаттау кезеңіне қатысатын педагогтермен мақсатты дайындық жұмыстарын ерте бастау.

3.Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы

Ағымдағы оқу жылындағы ғылыми-әдістемелік жұмыстар жылдық жоспар бойынша жүзеге асырылды. Оқу жылы басында пәндік бірлестік жетекшілері тағайындалып, әдістемелік бірлестіктер жылдық жоспарларын бекітті.

2025-2026 оқу жылына қойылған мектептің мақсатын орындау барысында келесі міндеттер жүзеге асырылды:

- білім алушылардың білімін толықтыру үшін оқушыларды шығармашылық байқаулар мен олимпиадаларға және ғылыми жоба қорғауға тарту жұмыстары атқарылды;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасы қамтамасыз етілді;
- инновациялық әдіс-тәсілдерді және ЖИ-ні қолдана отырып, білім сапасына әсер етті;
- «Бала Абай», инновациялық жобасы, «Қызықты қытай тілі» эксперименттік алаңы жұмыс жасауда.

Мектепішілік «Көшпенділер өркениеті және ұлттық өнер» инновациялық жоба жұмысы аясында республикалық деңгейде «Көшпенділер өркениеті: ұлттық қолөнер» ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Ұлттық мұраны насихаттауға бағытталған ауқымды әрі мазмұнды іс-шараға әр өңірден келген 196 педагог пен 176 оқушы қатысып, ұлттық қолөнер мен көшпенділер мәдениетінің құндылықтарын кеңінен таныстыруға өз үлестерін қосты.

Конференция барысында қатысушылар ұлттық қолөнер көрмелерін тамашалап, халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі өнер түрлерімен жақынырақ танысты. Атап айтқанда, ұршық иіру, жүн сабау, сырмақ басу, киіз үй жасау, кесте тігу, өрім өру, ағаш өңдеу өнері бойынша ұйымдастырылған шеберлік сағаттарына қатысып, тәжірибе алмасты. Сонымен қатар жүннен

жасалған суреттер мен мүсіндер, ағаштан ойылып жасалған бұйымдар және ұлттық нақыштағы сән үлгілері көпшілік назарына ұсынылды.
Конференция ұлттық өнер мен салт-дәстүрді дәріптеудің, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырудың және ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырудың маңызды алаңына айналды. Сонымен қатар педагогтер мен оқушылар арасында тәжірибе алмасуға, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен шығармашылық бастамаларды қолдауға мүмкіндік берді.

«Бала Абай» инновациялық жобасы тиімді жүзеге асырылуда, бастауыш сынып оқушылары қалалық байқауға қатысып, жүлдегер атанды. Аталған инновациялық жоба мен эксперименттік алаң келер оқу жылында жалғастырылады.


Астана қаласы әдістемелік орталығымен бірлесе отырып, төмендегі семинар , конференциялар ұйымдастырылды.

Қазан айында «Жетекші мектеп» жобасы аясында серіктес 71,90,20 мектеп мұғалімдеріне арнап, «Нәтижелі сабақты жоспарлау - оқытудың тиімді тетігі» тақырыбында қалалық семинар өткіздік. Оқыту семинарында мектеп директоры, орынбасарлары және пән мұғалімдері өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, серіктес мектеп мұғалімдеріне, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетті

Желтоқсан айында Алаш қайраткері С.Сәдуақасұлының 125 жылдық мерейтойына орай, көрнекті қоғамқайраткерінің ұлт мүддесі үшін еткен еңбегін таныту мақсатында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдыстырдық, конференцияға алыс-жақын шетел ғалымдары, тарихшылар, зерттеушілер және педагогтер қауымы қатысты. Мектебімізден 60 педагог ғылыми мақалалар мен , баяндамалар жазып, тәжірибе бөлісті. Конференция жоғары деңгейде өткізілді, ғылыми мақалалар мен баяндамалардың электронды жинағы шықты.

2026 жылы ақпан айында «Бастауыш білім беру: заманауи әдістер мен құндылықтар» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Семинарда мектеп директоры, орынбасарлары және пән мұғалімдері өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, қалалық деңгейде тәжірибе таратты.

2026 жылы сәуір айында жаратылыстану- математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану жолдарын көрсету, практика арқылы педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру мақсатында «Жаратылыстану-математикалық пәндерді оқыту және жасанды интеллект интеграциясы» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Семинарға Л.Гумилев атындағы ЕҰУ ғалымдары мен қала мектептерінің жаратылыстану пәні мұғалімдері қатысты.



Сонымен қатар мектепте оқу-тәрбие жұмысын оңтайландыру мақсатында әртүрлі шығарашылық топтар өз жұмыстарын жоспарлы түрде атқаруда:
8 «Д», 6 «В» сыныптарында білім сапасын көтеру мақсатында Оқуды зерттеу, «Lesson stady» шығармашылық тобы;
5 «Д» сыныбында «SHER» жобасы негізінде зерттеу тобы;
Сонымен қатар оқушыларды ғылыми жұмыстарға баулу және олимпиадаларға дайындау бойынша шығармашылық топтар.
Жас мамандар мектебі өз жұмысын жүргізіп, мектебіміздің педагог-зерттеуші тәжірибелі мұғалімдері жас мамандар үшін сабақты жоспарлау, БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын жасау, сынып жетекшінің міндеттемелері жөнінде тренинг, коучингтер өткізіп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Оқу жылы барысында мұғалімдер перспективалық жоспар негізінде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп 2026 жылғы жоспар
орындалып жатыр, барлығы 63 педагог курстан өтті.
26 мұғалім кәсіби педагогикалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Бұл - ұжымдағы педагогтердің 17%-ын құрайды.



Салыстырмалы түрде педагогтердің кәсіби байқауларға қатысуында өткен оқу жылымен салыстырғанда өсу бар.

№	Аты - жөні	Байқаудың атауы	Жүлделі орны
1	Даужанова Айнур	“ПедОлимп”	1-орын
2	Аптикаликова Раиса	”ПедОлимп”	1-орын
3	Азыханова Зарина	“ПедОлимп”	1-орын
4	Кигай Аманжол	“ПедОлимп”	1-орын
5	Лесбекова Жанат	“Педоимп”	1-орын
6	Балмаханова Гулжаз	“ПедОлимп”	1- орын
7	Ергалиева Тамара	“ПедОлимп”	2-орын
8	Сальменова Гулназ	“ПедОлимп”	1-орын
9	Ағатаева Гауһар Мұхитбекқызы	“Алтын Тұғыр” бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған олимпиада	3-орын
10	Мешітхан Ақжол Ахытұлы	«Жаңа саясат – жаңа буын» атты Республикалық «PARASAT CAP V» пікірсайысы турнирінде негізгі алаң финалист	Сертификат
11	Мешітхан Ақжол Ахытұлы	«Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбында «Ustaz Cup» ұлттық Республикалық турнирі	Сертификат
12	Молдабекқызы Ұлбосын	Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауының аймақтық кезеңіне	Сертификат
13	Ертай Амандық	Ә.Еспаевтің 100 жылдығына арналған “Тұлғаңды арманыма ұқсатқанмын” атты музыка пәні мұғалімдеріне арналған қалалық шығармашылық байқауы	1-орын
14	Сыдықова Іңкәр	Тәуелсіздік ұрпағы -атты қалалық сыртай өткізілетін байқау	Сертификат
15	Атыбай Ләззат	«Педагогикалық идеялар фестивалі» қалалық байқауы	1-орын
16	Курманова Айнур	«Педагогикалық идея фестивалі» қалалық байқауы	2-орын
17	Заркеева Думан	«Педагогикалық идея фестивалі» қалалық байқауы	3-орын
18	Жәрімбет Ғалия	«Педагогикалық идея фестивалі» қалалық байқауы	3-орын

19	Сапар Мөлдір	«Педагогикалық идея фестивалі» қалалық байқауы	2-орын
20	Мухамедиева Гульжазира	«Педагогикалық идея фестивалі» қалалық байқауы	2-орын
21	Аманбаева Перизат	«Шығармашыл мұғалім» қалалық байқауы	Сертификат
22	Курманова Айнур	«Үздік авторлық бағдарлама» қалалық байқауы	3-орын
23	Жанабилова Ания	«Үздік авторлық бағдарлама» қалалық байқауы	3-орын
24	Сулейменова Айжан	«Үздік авторлық бағдарлама» қалалық байқауы	Грамтоа
25	Жәрімбет Ғалия Асанқызы	«Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының қалалық кезеңі	Алғыс хат
26	Қаршыға Сайлаукүл	«Ізденіс.Жаңашылдық.Ынтымақтастық» Сертификат Педагогикалық хакатон	Сертификат
27	Тұрсынбай Гүлмаруа	«Математикалық регата» педагогтер олимпиадасы	2-орын
28	Жұмақын Жанар	«Математикалық регата» педагогтер олимпиадасы	3-орын

Педагогтерді әдістемелік қолдау мақсатында қала деңгейіндегі оқыту семинарлары мен конференцияларға тұрақты жіберіліп отырды. Бұл өз кезегінде педагогтердің жұмыс нәтижесінің өнімділігіне өз әсерін береді. Бірлестіктер бойынша тәжірибе бөлісудің көрсеткіші төмендегідей.



4.Дарынды оқушылармен жұмыс.
5.Білім алушылар мен педагогтердің жетістіктері

Оқушылардың пәндік олимпиада, ғылыми жоба, байқауларға қатысуы
Жалпы білім беретін пәндер олимпиадасы бойынша жетістіктер

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	грамота	барлығы
Аудан	2	7	12	7	21/ 7гр
Қала	1	6	10	2	17/ 2 гр

Пәндер олимпиадасы бойынша аудандық кезеңге қатысып, жүлделі болған оқушылардың жалпы саны – 21, қалалық кезең бойынша жүлдегер – 17 оқушы.

«Зерде» ғылыми жобалар байқауы

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	барлығы
Қала	1	2	3	5
Республика	-	-	-	-

8-11 сыныптар бойынша ғылыми жобалар байқауы

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	грамота	барлығы
Қала			2	3	2/3

Оқушылардың офлайн кәсіби байқаулар мен олимпиадаларға қатысуы

Деңгейі	1-орын	2-орын	3-орын	барлығы
Қала	11	11	33	55
Республика	-	2 «Сатылай кешенді талдау»	3 «Сатылай кешенді талдау»	5

Білім алушылардың онлайн олимпиадаларға қатысуы

Байқау, олимпиада атауы	1-орын	2-орын	3-орын	Грамота	**Барлығы**
Ақбота	30	37	39	3	**110**
Пони	15	4	1		**20**
Шың	25	30	11	1	**67**
Тарих ата			1	10	**11**

Онлайн байқауға қатысқандар-208

Жалпы 208 дарынды оқушы аталған олимпиада, ғылыми жоба, байқауларға қатысып жүлделі орындар алып отыр. Оның ішінде офлайн 83 оқушы, онлайн қатысушылар 125 білім алушыны құрайды.

Барлық оқушы санына шаққанда төмен өткен оқу жылымен салыстырғанда өсу байқалады, дарынды оқушылармен ғылыми-практикалық, ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарға, олимпиадаға оқушыларды тартуды жалғастыру.

Жалпы білім беру пәндер олимпиадасының аудандық және қалалық кезеңі қорытындыланды. Аудандықта 21 жүлделі орынға, қалалықта 12 жүлдеге ие болды. Олимпиада көрсеткіші былтырғы оқу жылымен салыстырғанда айтарлықтай өскен.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиадаға қатысудың көрсеткіш үлесі төмендегідей:





Білім алушыларға арналған кәсіби байқаулар мен жеке олимпиадалар көрсеткішінің әдістемелік бірлестіктер бойынша қатысу үлесі төмендегідей:




Авторлық бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдардың тәжірибеде таратылуы

Ағымдағы оқу жылы бойында авторлық және оқу-әдістемелік жұмыс бойынша мұғалімдерге әдістемелік отырыс жасалынып, бейіндік оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмысы орынбасары тарапынан тиісті көмек көрсетілді, нәтижесінде ағымдағы оқу жылында төмендегі құрастырушылардың авторлық жұмыстары қала деңгейінде таратылуға бекітілді.

№	**Әзірлеуші педагогтердің аты-жөні**	**Жұмыстың тақырыбы**
1	Уахит Дария Касымовна	Цифрлық дәуірдегі қазақ тілі (9-сынып)
2 3	Заркеева Думан Нуркешевна Көки Жұлдыз	Смағұл Сәдуақасұлының әдеби мұрасы (9-сынып)
4 5	Сальменова Гулназ Кайратовна Набиева Гульшира Каримовна	Смағұлтану (2-сынып)
6 7	Канатова Шынар Кайратовна Курманова Айнур Муратовна	Смағұлтану (3-сынып)
8 9	Шапатова Гульмира Каримовна Жангазакова Карлыгаш Есимхановна	Смағұлтану (4-сынып)
10 11	Қойшыбай Мұқият Жанабилова Ания Акайкызы	С. Сәдуақасұлы және Алаш идеясы (7-сынып)
12 13	Бейсембай Жансая Еркінқызы Журкеева Анар Жаркинбековна	Бәрімізге ортақ әлем (6-8 жас аралығындағы психикалық дамуы тежелген ерекше білім беру оқушыларына арналған тапсырмалар жинағы)
14	Жұмақын Жанар	Планиметриядағы геометриялық теңсіздіктер (9-сынып)
15 16	Оразтай Ернар Қайратұлы Сулейменова Айжан Ерлановна	С.Сәдуақасұлының дара жолы (5-сынып)
17	Мұқан Жәмила	IELTS Graph Mastery: Жасанды интеллектпен жазылымды жетілдіру. (10-сынып)
18	Аманбаева Перизат Джанабековна	Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдаудың тиімді жолдары. (9-сынып)
19	Битибаева Алима Елбосынқызы	Күрделі мәтін есептерді шешудің жолдары
20	Орынбекова Жазира Қазбекқызы	Smart English with AI 6-сынып
21	Ағатаева Гауһар Мұхитбекқызы	Сөйлем құрау құпиялары. (4-сынып)
22	Исагалиева Алтын Канатовна	Бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану
23	Жекенова Самал Кайратовна	ЖИ көмегімен оқу мен үйрену
24 25	Мешітхан А. Тоқтасынова М.	Смағұлтану 6-сынып

Педагогтерге авторлық және оқу-әдістемелік жұмысты жазу, рәсімдеу бойынша тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету нәтижесінде былтырғы оқу жылымен салыстырғанда 2025-2026 оқу жылы авторлық бағдарлама және оқу-әдістемелік құралдар саны санына 2% жоғары көрсеткіш болса, құрастырушы педагогтер пайызы 3%-ға артқан. Оқу жылдары бойынша салыстырмалы түрде өсім байқалады.





Қала бойынша бекітілген авторлық бағдарламаларды 2025-2026 оқу жылында оқу үдерісіне пайдалануға енгізу ұсынылады.

Сонымен қатар наурыз айында өткізілген әдістемелік отырыста педагог-модератор және педагог-сарапшы санатына өтініш білдірген мұғалімдердің оқу-әдістемелік құралдарын мектепішілік деңгейде қарастырып, нәтижесінде 8 мұғалімнің оқу-әдістемелік жұмыстары әдістемелік кеңестің шешімімен бекітілді.

Қорытынды

Есептік кезеңде әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Семинарлар барысында заманауи педагогикалық технологияларды қолдану, функционалдық және оқу сауаттылығын дамыту, жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану мәселелері қарастырылды. Мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісіп, практикалық ұсыныстар ұсынды.

Ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы педагогтер зерттеу мәдениетін жетілдіріп, өзекті тақырыптар бойынша баяндамалар жасап, инновациялық идеяларын ортаға салды. Нәтижесінде мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік белсенділігі артты.

Кәсіби конкурстарға қатысқан мұғалімдер шығармашылық ізденіс танытып, өздерінің әдістемелік шеберлігін дәлелдеді. Бұл педагогтердің кәсіби өсуіне және озық тәжірибенің таралуына ықпал етті.

Олимпиадаларға қатысқан білім алушылар пәндік білім деңгейін көрсетіп, логикалық ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытты. Жүлделі орындар мен жоғары нәтижелер оқушылармен жүргізілген жүйелі жұмыстың тиімділігін айқындады.

Қорытындылай келе, семинар, конференция, конкурс және олимпиада бағытындағы жұмыстар педагогтердің кәсіби дамуына, оқушылардың білім сапасының артуына және білім беру үдерісінің сапалы ұйымдастырылуына оң әсерін тигізді. Алдағы уақытта бұл жұмыстарды жалғастырып, мазмұнын жаңғырту жоспарлануда.

SWOT-талдауы

Мықты жақтары	**Әлсіз жақтары**
• оқушылардың шығармашылығын арттыруда, ақпараттық, инновациялық технологияның тиімділігі; • 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда 2025-2026 оқу жылында жарияланған авторлық жұмыстардың саны артуы; • оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз етілуі; • әдістемелік бірлестіктердің жүйеленген жұмысы; • олимпиада, конкурс жүлдегерлер саны артуы; • педагогтердің тәжірибе алмасуы, кәсіби құзыреттілікті арттыратын семинар, конференциялардың қалалық деңгейден халықаралық деңгейге дейін өткізілуі.	• педагогтердің шығармашылық жұмысқа белсенділігінің төмендігі; • білім алушылардың шығармашылығын дамытуға бейжай қарау; • Lesson study зерттеу жобасы және бойынша топтардың жұмысының толыққанды жүрмеуі; • оқушыларды олимпиада, ғылыми жобаларға тартудың жеткіліксіздігі, кейбір пәндерде дайындықтың осалдығы. • сабақтың берілу сапасындағы кемшіліктер.
Мүмкіндіктері	**Қауіп**
• өзара сабақтарға қатысу; • қала, Республика, халықаралық деңгейде тәжірибе бөлісудің жеңілдігі (онлайн, офлайн) семинарларға,вебинарларға белсенді қатысу; • санатын мерзімінен бұрын көтеру; • авторлық бағдарлама және оқу-әдістемелік кешен дайындау. • Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: олимпиада, ғылыми жоба жүлдегерлерін шығару. • білім сапасын көтеру.	• теориялық білім мен практиканы ұштастыра алмау; • критериалды бағалауда жіберілетін кемшіліктер; • оқушылардың пәнге қызығушылығын төмендетіп алу; • аттестаттау бойынша ППБ-дан жеткілікті балл жинай алмау; • портфолионың критерийге сай келмеуі, санатының төмендеуі;

SWOT-талдау негізінде 2025-2026 оқу жылында:

- әдістемелік бірлестіктердің қызметін қарқынды жүргізу: педагогтердің зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысу белсенділігін арттыру, қалалық, республикалық деңгейлерде инновациялық педагогикалық тәжірибені насихаттау және жалпылау;
- оқушыларды олимпиада, ғылыми жобаларға көбірек тартып, нәтижеге жеткізу;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, пәнге қызығушылығын дамыту мақсатында сабақтың барлық әлеуетін пайдалану, ең тиімді формаларды, әдіс-тәсілдерді таңдау;
- Lesson study және SHER жобасы арқылы пәнге қызығушылықты арттыру, білім сапасын көтеру.
- оқу процесінде критериалды бағалауды талапқа сай жүргізу, оны тиімді қолдану.
- авторлық бағдарлама, оқу-әдістемелік құралдарды вариатив компонентіне пайдалануға енгізу;
- сапалы білім беруді жетілдіру.

IV. 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЕСЕБІ

1.Тәрбие жұмысы жоспарын іске асыру

2025–2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, саналы таңдау жасауға, жасампаз еңбек етуге және қоғам өміріне белсенді қатысуға қабілетті, жан-жақты дамыған, жауапкершілігі жоғары тұлғаны қалыптастыруға бағытталды.

Тәрбие қызметінің бағдарламалық негізі ретінде 2025–2026 оқу жылынан бастап енгізілген және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұндық жалғасы болып табылатын «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы басшылыққа алынды. Бағдарламаның жаңартылуы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығымен бекітілді. Тәрбие процесін ұйымдастыруда «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаттың ұсынымдары ескерілді. Адал азамат тәрбиелеуді, адал еңбекке құрметпен қарауды және лайықты табысқа ұмтылуды біріктіретін «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» идеясы негізгі бағдар болды.

Тәрбие жұмысының мазмұны алты негізгі құндылыққа негізделді: тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; жасампаздық және жаңашылдық. 2025–2026 оқу жылында үш негізгі идеяға басымдық берілді: «Заң және тәртіп» — құқықтық мәдениет пен жауапты мінез-құлықты қалыптастыру; «Еңбек адамы» — еңбек адамына құрмет көрсету, еңбек дағдыларын дамыту және кәсіби бағдар беру; «Таза Қазақстан» — экологиялық мәдениетті, табиғатқа ұқыпты қарауды және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.

Тәрбие қызметінің практикалық мазмұнын бағдарламада көзделген «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart Bala», «Балалар кітапханасы» жобалары айқындады. Бұл жобалар волонтерлік және экологиялық қызметті, еңбек тәрбиесі мен кәсіптік бағдарды, өнер мен ұлттық мәдениетке баулуды, пікірталас жүргізу дағдыларын, жаңашыл ойлауды және оқырмандық мәдениетті дамытуды қамтыды. Буллинг пен құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жеке және цифрлық қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыруға, мектеп, отбасы және қоғам арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға ерекше мән берілді.

Тәрбие жұмысы сабақ мазмұнын, сынып сағаттарын, сабақтан тыс іс-әрекетті, қосымша білім беруді және білім беру процесіне қатысушылардың күнделікті қарым-қатынасын біріктіретін тұтас процесс ретінде қарастырылды. Педагогикалық қызмет аталған құндылықтардың білім алушылардың іс-әрекеттерінде, оқуға, еңбекке, айналасындағы адамдарға және мектеп қауымдастығына деген қарым-қатынасында көрініс табуына жағдай жасауға бағытталды.

Мақсаты: Оқу жылы бойы оқушылардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдығын, адалдығын, еңбекқорлығын, қауіпсіздік, денсаулық, экологиялық мәдениет және кәсіби бағдар бағытындағы тәрбиені күшейтіп, мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту және ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастыратын тұлға тәрбиелеу.

"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында өткізілген іс-шаралар:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйекте «Мектебім – мейірім мекені» жиыны өтіп, 243 бала 1-сыныпқа қабылданды; жиынға шамамен 800 адам қатысты. «ЭКО-ҚЫРКҮЙЕК» челленджі, 180 оқушы қатысқан «Денсаулық күні» және буллингтің алдын алу дәрісі ұйымдастырылды.

«Ұлттық құндылықтар» күні мен «Қара жорға» биі, ата-аналарға арналған «Мектеп пен отбасы – бір мақсат, ортақ тәрбие» жиналысы өткізілді.

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық Мұғалімдер күніне «Даналық ұстаздан» челленджі және 11-сынып оқушылары жүргізген «Дублер күні» өтті.

«Күзгі асар» жәрмеңкесі мен «Қағазға – өмір сыйла!» экочелленджі ұйымдастырылды. Бірыңғай ашық есік күнінде ата-аналар пікір алмасуға, тренингке, квестке және сабақтарға қатысты; «8 минуттық оқу» жобасы қорытындыланды.

Қараша – Әділдік және жауапкершілік
Күзгі каникулда ата-аналар мен оқушылардың «Толағай» спорттық сайысы өтті. «Өнегелі 15 минут» аясында 1 «А» сыныбы ұлттық киіммен танысып, 5 «А» сыныбы асық ойынын ойнады. Қыздар тәрбиесі, қалдықтарды сұрыптау, кәсіптік бағдар және академиялық адалдық бойынша кездесулер өтті.
Мектеп парламентінің сайлауы және «Smart Bala» жобасының «Startup» байқауы ұйымдастырылды.
Желтоқсан – Бірлік және ынтымақ
8 «Ә» сыныбы «Жас сарбаз» бағдарламасы бойынша ант берді. Академиялық адалдық, медиация және өмірге жауапкершілік туралы дәрістер өтті. «Мен оқыған бір кітап» шарасы, «Қағазға – өмір сыйла!» экочелленджі, экоквест және 8–11-сыныптардың «Болашаққа хат» челленджі ұйымдастырылды.
Қаңтар – Заң және тәртіп
Полиция инспекторымен кездесу, құқықтық сынып сағаттары, заң мамандықтары бойынша кездесу, ата-аналармен дөңгелек үстел және «Заңның 30 секунды» челленджі өтті. Оқушылар көрнекі сот отырысына қатысты. «Қар десанты», ұлттық құндылықтар, әкелерге арналған World Cafe, денсаулық және есірткінің алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Қаржылық және интернет қауіпсіздігі ойындары, «ҰСТАЗ QUIZ – 2026» және ата-аналар жиналысы өткізілді.
Полиция инспекторымен кездесу, құқықтық сынып сағаттары, заң мамандықтары бойынша кездесу, ата-аналармен дөңгелек үстел және «Заңның
Оқушылар көрнекі сот отырысына қатысты.

«Қар десанты», ұлттық құндылықтар, әкелерге арналған World Cafe, денсаулық және есірткінің алдын алу шаралары ұйымдастырылды.

Қаржылық және интернет қауіпсіздігі ойындары, «ҰСТАЗ QUIZ – 2026» және ата-аналар жиналысы өткізілді.

Әлеуметтік желі, ЖИ мен денсаулық, есірткінің алдын алу және ақпаратты тексеру бойынша шаралар өтті. Кітап оқу марафоны, «Адалдық дүкені», кітап сыйлау және отбасылық оқу акциялары ұйымдастырылды.

М. Мақатаевқа арналған кеш, сурет байқауы, «Дін және қоғам» кездесуі, ұлттық құндылықтар күні, қайырымдылық акциясы, «Екі жұлдыз» және Алғыс айту күніне арналған шара өткізілді.
Наурыз – Тәуелсіздік және отаншылдық
«Хулиганка» фильмі талқыланды, туберкулездің алдын алу дәрісі өтті. Денсаулық күні, «Күй күмбірі» челленджі, асық ойыны, ұлттық құндылықтар және әдеп күндері ұйымдастырылды. «Наурыз» мерекесіне арналған іс-шаралар өткізілді. 7-сынып ата-аналарымен жиналыс өткізілді.
Сәуір – Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
«Құстар – біздің досымыз» акциясы, интернет алаяқтықтың алдын алу, құқықтық сынып сағаттары мен мемлекеттік қызмет туралы эссе байқауы өтті.
Оқушылар «Шаттық–2026» қалалық байқауында жүлделі орындарға ие болды.
Кәсіптік бағдар кездесулері, «Гаджет пен рухани даму» пікірталасы, ағаш отырғызу және әкелер сенбілігі ұйымдастырылды.
Мамыр – Бірлік және ынтымақ
Бірлік тақырыбындағы сынып сағаты, қыздарға арналған профилактикалық дәріс және тыл ардагерімен кездесу өтті.
Есірткінің алдын алу шарасы, спорт пен өнер жетістіктеріне арналған «Жұлдыздар шеруі» марапаттау кештері ұйымдастырылды.
Оқу жылы 11-сынып түлектерінің «Білімім – Отаныма!» салтанатты іс-шарасымен аяқталды.

2. Қосымша білім беру және сабақтан тыс жұмыстарды талдау

2025–2026 оқу жылындағы үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы

Оқу жылында оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін 20 үйірме мен спорттық секция жұмыс істеді. Жетекшілер жоспарға сай зияткерлік, спорттық, музыкалық және

шығармашылық сабақтар өткізіп, оқушыларды мектепішілік және сыртқы іс-шараларға қатыстырды.

Үйірмелер мен секциялар құрамы

Бағыт	Үйірмелер мен топтар	Саны	Үлесі
Спорт және ұлттық ойындар	Гандбол (ұлдар, қыздар), футбол (3 топ), волейбол, қазақ күресі (2 топ), баскетбол, ұлттық ойындар	10	50%
Зияткерлік және пікірталас	Тоғызқұмалақ, шахмат, дебат	3	15%
Музыка	«Мұрагер», «Еркемай» домбыра, «Ән көңілдің ажары», вокал	4	20%
Шығармашылық және қолөнер	«Сиқырлы біз», «Адал» театр, бейнелеу өнері	3	15%
Барлығы		20	100%

2025-2026 оқу жылы бойынша (1-11 сынып) мектепте 2432 оқушы білім алады.

Көрсеткіш	Оқушы саны	Жалпы оқушы санынан үлесі
1–11 сынып оқушылары	2 432	100%
Мектепішілік үйірмелер мен секцияларға қатысатындар:	**677**	**28%**
Оның ішінде спорт секцияларына қатысатындар	458	67,6%
Оның ішінде үйірмелерге қатысатындар	219	32,4%
Қалалық үйірмелер мен секцияларға қатысу	**1462**	**60%**
Қосымша біліммен қамтылғандар, барлығы	**2 139**	**88%**

Атқарылған жұмыс және нәтижелер

Спорттық секцияларда ойын техникасы мен дене дайындығы, зияткерлік үйірмелерде логикалық ойлау және пікір айту дағдылары дамытылды. Домбыра, вокал, театр, қолөнер және бейнелеу өнері үйірмелерінің қатысушылары концерттерге, көрмелерге және шығармашылық байқауларға қатысты. Ұлттық ойындар мен дәстүрлі өнерге де көңіл бөлінді.

Берілген мәліметте 12 жүлделі нәтиже көрсетілген: спорт пен ұлттық ойындарда – 6 (50%), музыка мен қолөнерде – 5 (41,7%), дебатта – 1 (8,3%). Бұл пайыздар қатысушылардың қамтылуын емес, тізімдегі 12 жетістіктің үлесін білдіреді.

Көрсетілген жетістіктер

Байқау немесе жарыс	Қатысушы	Нәтиже
«Шаттық–2026»	«Мұрагер» ансамблі	Алтын
«Шаттық–2026»	Әнес Нұрмұхамет, домбыра	Алтын
«Шаттық–2026»	Саманбек Елікай, вокал	Күміс
«Әке мен бала»	Вокал, отбасы	2-орын
Республикалық шығармашылық байқау	Қолөнер үйірмесі	Жүлделі орын
Лига жарысы	Футбол командасы	3-орын
Қалалық жарыс	Баскетбол командасы	Жүлделі орын
Қалалық күрес жарысы	Қазақ күресі	2-орын
Қалалық тоғызқұмалақ жарысы	Тоғызқұмалақ командасы	3-орын
Қалалық волейбол турнирі	Волейбол командасы	2-орын
Облыстық «Асық ату» жарысы	Ұлттық ойындар командасы	2-орын
Дебат сайысы	Дебат клубы	1-орын
	Жас сарбаздар клубы	

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылы бойынша (1-11 сынып) мектепте **2432** оқушы білім алады. Мектепішілік үйірмелер мен секцияларға қатысу саны: 677

Қалалық үйірмелер мен секцияларға қатысу саны: 1462 оқушы. Барлығы -2139 оқушы қосымша білім алады. Оқушылардың үйірмелер мен секцияларға қатысуы -**88%** құрайды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

1. Оқушылардың қызығушылығы мен сұранысына қарай үйірмелер мен спорттық секциялардың бағыттарын жетілдіру.
2. Үйірмелерге қатысқан бірегей оқушылар санын жүйелі есепке алып, қамтылу пайызын анықтау.
3. Оқушылардың байқаулар мен жарыстарға қатысуын кеңейтіп, үйірмелерді қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3. 2025–2026 оқу жылындағы түлектерінің оқуға түсуі мен жұмысқа орналасуы

9 сынып түлектерінің еңбекке орналасуы

2025–2026 оқу жылындағы 9 сынып түлектерінің оқуға түсуі мен жұмысқа орналасуы (басқа да бағыттары) бойынша:

Барлық түлектер саны:	210 оқушы (оның ішінде қыздар — 102).
10-сыныпқа көшкендер:	163 оқушы (77.6%)
Өз мектебінде 10-сыныпқа көшкендер:	122 оқушы
ҚР басқа мектептеріне ауысқандар:	41 оқушы
ҚР колледждеріне түскендер:	47 оқушы (22.4%)
Грант негізінде:	25 оқушы
Ақылы негізде:	22 оқушы
Шет елге кеткендер:	0
Жұмысқа орналасқандар / орналаспағандар:	0

Қорытынды: 9-сынып түлектерінің басым бөлігі (**77.6%**) жалпы орта білім беруді әрі қарай мектепте жалғастыруды таңдаса, **22.4%-ы** кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарына (колледждерге) түскен. Грантпен оқуға түскендер үлесі колледжем түскендердің **53.2%-ын** құрайды.

11 сынып түлектерінің оқуға түсуі мен жұмысқа орналасуы (басқа да бағыттары)

Барлық түлектер саны:	153 оқушы (оның ішінде қыздар — 80).
Қазақстан ЖОО-ларына түскендер:	111 оқушы (72.5%)
Грант негізінде:	40 оқушы.
Ақылы негізде:	71 оқушы.
Қазақстан колледждеріне түскендер:	17 оқушы (11.1%)
Грант негізінде:	3 оқушы.
Ақылы негізде:	14 оқушы.
Шет елдік ЖОО-ларға / колледждерге түскендер:	11 оқушы (7.2%)
Грант негізінде:	5 оқушы.
Ақылы негізде:	6 оқушы.
Жұмысқа орналасқандар:	13 оқушы (8.5%)
Денсаулығына байланысты орналаспағандар:	1 оқушы (0.7%)



Қорытынды: 11-сынып түлектерінің **90.8%-ы** (139 оқушы) жоғары және арнаулы орта оқу орындарына түсіп, білімін жалғастыруда. Олардың ішінде 111-і ҚР ЖОО-ларына, 17-сі колледждерге және 11 оқушы шетелдік оқу орындарына (Чехия, Словакия, Түркия, ҚХР, Австрия, Омбы) түсті.

2025–2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық қорытындысы

2025–2026 оқу жылында тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүргізілді. Жоспарға сәйкес патриоттық, құқықтық, ұлттық, отбасылық және экологиялық тәрбие, еңбек, кәсіби бағдар, салауатты өмір салты мен қауіпсіздік бағыттарында сынып сағаттары, кездесулер, байқаулар және акциялар өткізілді.

Оқушылар мектепішілік және мектептен тыс мәдени, спорттық, шығармашылық іс-шараларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Құқық бұзушылық пен буллингтің алдын алу, жол және интернет қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналармен жиналыстар өткізіліп, сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуы мен тәртібін бақылауда ұстады.

2027–2028 оқу жылына ұсыныстар:

1. Сынып жетекшілері тәрбиелік іс-шараларда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай түрлі әдіс-тәсілдерді қолдансын;
2. Бірінші ауысымдағы таңдалған сыныптарда оқушылардың эмпатиясы мен өзара сыйластығын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілсін;
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында отбасылық құндылықтарды нығайтуға арналған іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылсын;
4. Оқушылардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру, мектептегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары күшейтілсін:
5. Спорт секциялары мен үйірмелердің жұмысы жүйелі жүргізіліп, оқушылардың оларға қатысу пайызы арттырылсын.

V. 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

1. Мектептің психологиялық қызметінің есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім беру процесіне қатысушыларға қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру және барлық қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету арқылы психологиялық сүйемелдеу жүргізу.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, олардың туындауының негізгі проблемалары мен себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2) баланың психологиялық-педагогикалық жағдайын және оның оқу үдерісіндегі психологиялық даму динамикасын бақылау;

3) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

4) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу;

5) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарының алдын алуға бағытталған жеке-дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

6) өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне деген сенімділік, білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай шешім қабылдау.

Білім алушылар контингентін талдау

1. Мектептегі білім алушылар саны -2430
2. Сынып жиынтықтарының саны -97
3. Келісімдер саны -2399
4. Бас тартулар саны -31
5. Диагностикамен қамтылған білім алушылар саны -2399
6. Диагностикамен қамтылмаған білім алушылар саны -0
7. «Бақылау нысанына» енгізілген білім алушылар саны -902
8. «Қызыл аймақтағы» білім алушылар саны -280
9. «Сары аймақтағы» білім алушылар саны -622
10. «Жасыл аймақтағы» білім алушылар саны -1497
11. ЕББҚ білім алушылар саны -15
12. БҚО-ға түскен білім алушылар саны -0
13. Суицид әрекеттеріне оқталған білім алушылар саны -1
14. Аяқталған суицид жасаған білім алушылар саны -0
15. Мектеп психологының сүйемелдеуіндегі білім алушылар саны -2399
16. Педагог-психологтың кабинет саны -1

Консультациялық жұмыс

Оқу жылы ішінде білім алушылармен, ата-аналармен және педагогтермен жеке және топтық консультациялар жүргізілді.

№	Санаты	Консультациялар саны
1	Білім алушылар	1375
2	Ата-аналар	61
3	Педагогтер	86
Жүргізілген консультациялардың жалпы саны:		**1522**

Диагностикалық қызмет:

Есепті кезең ішінде білім алушылардың эмоционалдық жай-күйін, мазасыздық деңгейін, бейімделу деңгейін, тұлғааралық қатынастарды зерделеуге және тәуекел факторларын анықтауға бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

Оқу жылы барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері мен психологиялық қажеттіліктерін ескере отырып, 1–11 сынып оқушыларымен түрлі бағыттағы психологиялық түзету-дамыту және профилактикалық іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылып, өткізілді.

1-сынып оқушыларымен «Коммуникативтік тренингтер», «Мен дербес болғым келеді» тақырыптарында түзету-дамыту сабақтары өткізілді. Аталған іс-шараларға 269 оқушы қамтылды.

1–2 сынып оқушыларымен «Кірпі» мультфильмін көру және талқылау ұйымдастырылып, іс-шараға 542 оқушы қатысты.

1–4 сынып оқушыларымен «Достар не үшін керек?», «Қарым-қатынас мәдениеті», «Күн сайын сыпайы сөздер» тақырыптарында психологиялық іс-шаралар өткізілді. Жалпы 1089 оқушы қамтылды.

2-сынып оқушыларымен «Дос болуды қалай үйренуге болады?» тақырыбында тренинг өткізіліп, 273 оқушы қамтылды.

3–4 сынып оқушыларымен «Жоқ деп айта біл» тақырыбында тренинг ұйымдастырылып, 547 оқушы қатысты.

5–7 сынып оқушыларымен «Өзіңмен де, өзгелермен де бейбіт өмір сүру», «Агрессорлар кімдер және оларға қосылудың қажеті бар ма?», «Мейірімділік әлемді құтқарады!» және басқа да профилактикалық бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Іс-шараларға 785 оқушы қамтылды.

8–11 сынып оқушыларымен өмірлік дағдыларды қалыптастыру, эмоционалдық жағдайды реттеу, күйзелісті жеңу, емтиханға психологиялық дайындық және қақтығыстарды шешу бағыттарында тренингтер, дәрістер мен практикалық сабақтар ұйымдастырылды. Аталған іс-шараларға 871 оқушы қатысты.

9–11 сынып оқушыларымен «Стресске қарсы күрес әдістері», «Емтиханда өзін-өзі сенімді ұстау», «Қорытынды емтихандар: оларды қалай еңсеруге болады», «Емтиханға психологиялық дайындық», «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» тақырыптарында психологиялық ағартушылық жұмыстар жүргізілді. Іс-шараларға 626 оқушы қамтылды.

Жалпы оқу жылы ішінде түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстармен мектептің 1–11 сыныптарындағы 2399 оқушы толықтай қамтылды. Психологиялық қолдау қызметінен бас тартқан 31 оқушы қамтылған жоқ. Жүргізілген іс-шаралар білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға, психологиялық қиындықтардың алдын алуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға және әлеуметтік бейімделуін қолдауға бағытталды.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) психологының дәрістер өткізуі.

№	Дәрістің тақырыбы	Мақсатты аудитория	Қатысушылар саны
1.	Салауатты өмір салты	5-7 сыныптар	791 оқушы
2.	Стрессті басқару және ішкі тепе-теңдікті сақтау	8-11 сыныптар	732 оқушы
3.	Психологиялық тұрақтылықты қалыптастыру	5-7 сыныптар	794 оқушы
4.	Репродуктивті денсаулық және өмірлік жоспарлау	8-11 сыныптар	726 оқушы
	Барлығы	**5-11 сыныптар**	**3043 оқушы**

2025-2026 оқу жылы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен педагог - психологтың жүргізілген жұмыстарының есебі

Педагог-психологтың мақсаты: Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Балалардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту, тәрбиелеу және түзете-дамыту процесін ұйымдастыруға ықпал ету. Психофизикалық дамуындағы бұзылыстарды жеңуге көмектесу, эмоционалды жай-күйін тұрақтандыру және әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Педагог-психологтың міндеттері:

1) Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау;
2) Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
3) Жеке, топтық және кіші топтық сабақтар өткізу;
4) Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мұғалімдермен, мамандармен және ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу;
5) Мұғалімдерге, ата-аналарға оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация беру;
6) Инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыруға ықпал ету, балаларды әлеуметтендіру мен дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
7) Білім алушылардың даму динамикасын жүйелі түрде бақылау және нәтижелерін талдау.

Педагог-психологтың жұмысының негізгі бағыттары:

1. Диагностикалық бағыт;
2. Консультативтік бағыт;
3. Дамыту (түзету) бағыты;
4. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты;
5. Ұйымдастыру –әдістемелік бағыты.

Қыркүйек айында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен танысу және оларды талдау жұмыстары жүргізілді.

01.09–12.09.2025ж. аралығында білім алушылардың қажеттіліктерін бағалау және оқу қиындықтарын анықтау жұмыстары жүргізілді. Оқытуда қиындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін терең зерттеу және бағалау мақсатында сабақтарына қатысу жұмыстары жүргізілді. Аталған жұмыстардың нәтижесінде 15 білім алушыға арналған жеке даму жоспары жасалды.

Педагог-психолог маманының сабағына қатысатын ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімі анықталып, сабақ кестесі құрылды.

№	Оқушының аты-жөні	Ауысым	Сынып
1	Абилсеит Али	I	1«А»
2	Бактыбаев Райан	II(11:00)	1«Ә»
3	Нұғман Әбілмансұр	I	1«Ғ»
4	Солтанғали Омар	II	1«Е»
5	Ермек Мейірлан	II(11:00)	1«З»
6	Нұралтай Арлан	I	2«Б»
7	Секирбай Ерасыл	II	2«Г»
8	Әмірбек Берік	II	2«В»
9	Нұрақ Айым	II	2«Е»

10	Аманкелді Арсен	II	3«В»
11	Бертай Абдуллах	II	4«В»
12	Жумаш Гауһар	II	5«Ғ»
13	Женисов Аян	I	7«Ә»
14	Егізек Демеу	I	8«Г»
15	Кенес Айару	I	8«В»

Педагог-психологтың жеке сабағына қатысатын оқушы саны	**Қыркүйек**	**Қазан**	**Қараша**	**Желтоқсан**	**Қаңтар**	**Ақпан**	**Наурыз**	**Сәуір**	**Мамыр**
	15	16	16	14	14	14	14	15	15

Педагог-психолог тарапынан білім алушылардың жеке даму ерекшеліктері мен оқу жетістіктерінің динамикасын жүйелі түрде зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында оқушылардың танымдық, эмоционалдық және тұлғалық даму деңгейі сараланып, олардың оқу процесіндегі жетістіктері мен өзгерістері бақылауға алынды. Нәтижесінде әр білім алушының даму бағыты анықталып, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бойынша тиісті жұмыстар ұйымдастырылды.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылында жүргізілген психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстары білім алушылардың жеке даму динамикасын анықтауға, олардың оқу жетістіктерін бақылауға және психологиялық қолдау қажеттіліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижелері оқушылардың танымдық белсенділігі мен эмоционалдық жағдайында оң өзгерістер бар екенін көрсетті. Алдағы уақытта да білім алушылардың жан-жақты дамуын қолдау мақсатында түзету-дамыту, алдын алу және кеңес беру жұмыстары жүйелі түрде жалғасатын болады.

SWOT- талдау:

Strengths — мықты жақ	**Weaknesses — әлсіз жақ**
• Жылдық жоспарға сәйкес диагностикалық, түзету-дамыту, кеңес беру, ағартушылық және ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстар толық көлемде жүзеге асырылды. • Білім алушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, қамту деңгейі артты. • «Педагогикалық қолдау орталығы» аясында ата-аналар мектебі жобасы табысты іске асырылып, белсенді ата-аналар комитеті марапатталды. • Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің (ППҚК) жұмысы тиімді ұйымдастырылды. • Пән мұғалімдері мен жаңадан келген педагогтарға психологиялық қолдау және кәсіби бейімделу бойынша сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді.	• Ата-аналардың психологиялық қолдау шараларына қатысу белсенділігінің біркелкі болмауы. • Жеке психологиялық консультациялар өткізуге арналған арнайы кабинеттің жеткіліксіздігі. • Арнайы мамандарға (психиатр, суицидолог және т.б.) жолданған оқушылардың кейбір ата-аналарының ұсыныстарды орындауға және мамандармен байланыс орнатуға жауапкершілігінің төмендігі.

• Әдістемелік тұрғыдан жаңартылған форматтағы түзету-дамыту сабақтары мен ата-аналар жиналыстары өткізілді. • Әр әдістемелік бірлестікте эмоционалдық күйзелістің алдын алу мақсатында психологиялық тренингтер мен түзету-дамыту шаралары ұйымдастырылды. • Ұжымдағы қарым-қатынас пен психологиялық ахуалды анықтау мақсатында диагностикалық зерттеулер жүргізілді. • Педагогтердің психологиялық саулығын қолдау және қолайлы жұмыс ортасын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды..	
Opportunities — мүмкіндіктер	**Threats — Қауіптер**
• Қалалық, облыстық және республикалық семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарына қатысу арқылы кәсіби құзыреттілікті жетілдіру. • Педагогтерге арналған эмоционалдық қажудың алдын алу бағдарламалары мен тренингтерін кеңейту. • Білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет мекемелерімен өзара ынтымақтастықты дамыту. • Тәуекел тобындағы оқушыларды және ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды сүйемелдеу жұмыстарын жетілдіру.	• Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіндегі жағымсыз контенттің оқушылардың психологиялық саулығына кері ықпал ету қаупі. • Ата-аналардың жұмысбастылығы мен уақыт тапшылығы салдарынан мектеппен ынтымақтастық деңгейінің төмендеуі. • Отбасылық мәселелердің оқушылардың оқу үлгерімі мен психологиялық жағдайына теріс әсер етуі.

Қорытындылар мен ұсыныстар

2025–2026 оқу жылында мектептің психологиялық қызметі жылдық жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды. Психодиагностикалық жұмыстармен 2399 білім алушы қамтылып, олардың психологиялық жай-күйі зерделенді.

Бұдан әрі мыналар қажет:

• Тәуекел тобындағы және «қызыл аймақтағы» білім алушылармен жеке сүйемелдеу жұмыстарын күшейту;

• Ата-аналардың мектеппен өзара ынтымақтастығын арттыру және психологиялық ағарту жұмыстарына қатысу белсенділігін күшейту;

• Оқушылардың психоэмоционалдық тұрақтылығын дамытуға, жалғыздық сезімі мен мазасыздық деңгейін төмендетуге бағытталған түзету-дамыту бағдарламаларын жетілдіру;

• Ерекше білім беру қажеттіліктері бар және мінез-құлықтық қиындықтары байқалатын білім алушыларды сүйемелдеу жұмыстарын жалғастыру.

Қорытынды

Жалпы алғанда, мектептің психологиялық қызметі 2025–2026 оқу жылында өз қызметін тиімді ұйымдастырып, білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау, қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру және психологиялық қауіптердің алдын алу бағытында нәтижелі жұмыстар атқарды. Алдағы оқу жылында тәуекел топтарымен жұмысты жетілдіру, ата-аналармен серіктестікті нығайту және психологиялық қолдау қызметінің сапасын арттыру негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді.

2. Арнайы мамандардың жұмысы есебі

Арнайы педагогтің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес диагностикалық, консультативтік, дамыту (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ-ның жылдық жұмыс жоспары, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар арнайы педагогтің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыс жоспары, ата-аналарға берілетін кеңестерді тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне арналған кеңестерді тіркеу журналы және оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітіліп, рәсімделді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, жетістіктер карталары әзірленіп, білім алушылардың сабақтағы іс-әрекеттерін бақылауға арналған хаттамалар дайындалды.

Оқу жылы барысында мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың мектепішілік сыныптан тыс іс-шараларға қатысуына қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Іс-шаралар кестесі сынып жетекшілерімен және ата-аналармен алдын ала келісілді.

Іс-шаралар барысында білім алушылардың жеке мүмкіндіктері, қызығушылықтары және қатысу белсенділігі ескеріліп, қажет болған жағдайда арнайы педагог тарапынан қолдау көрсетілді. Аталған жұмыстар білім алушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, қарым-қатынас дағдыларын дамытуына және мектеп өміріне белсенді қатысуына ықпал етті.

Оқу жылы барысында ППҚҚ-ның жоспарлы отырыстарына қатысу қамтамасыз етіліп, білім алушылардың даму динамикасы, жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларының орындалу барысы, жеке оқу бағдарламаларының меңгерілу деңгейі туралы ақпарат берілді. Отырыстарда білім алушылардың жетістіктері белгіленіп, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері талданды. Жүргізілген мониторинг пен ағымдағы бақылау нәтижелері негізінде жекелеген білім алушыларға көрсетілетін қолдау түрлері нақтыланып, қажет болған жағдайда жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Диагностикалық бағыт

Оқу жылының басында ПМПК қорытындылары мен ұсыныстары зерделенді. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ерекшеліктерін терең зерттеу, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мақсатында сабақтарға қатысу ұйымдастырылып, бақылау хаттамалары толтырылды.

1–15 қыркүйек аралығында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға педагогикалық диагностика жүргізілді. Диагностика барысында білім алушылардың танымдық әрекеті, оқу тапсырмаларын орындау мүмкіндігі, нұсқауды қабылдауы, оқу, жазу және санау дағдылары, кеңістікте бағдарлауы, ұсақ моторикасы және оқу процесіне қатысу ерекшеліктері қарастырылды.

ПМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында (қыркүйек) 21 білім алушыларға педагогикалық диагностика жүргізілді. Олардың ішінде жеңіл түрде зияты зақымдалған 7 білім алушы, психикалық дамуы тежелген 13 білім алушы және мектепішілік анықталған оқуда қиындықтары бар 1 білім алушы қамтылды. Сонымен қатар мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар Минап Дана,Уалихан Нарул,Парахат Айдар білім алушының оқу әрекеті зерделенді. Диагностика нәтижесінде түзете-дамыту сабақтарына барлығы 25 білім алушы тізімге алынды. Олардың ішінде жеңіл түрде зияты зақымдалған 7 білім алушы, психикалық дамуы тежелген 15 білім алушы және мектепішілік анықталған оқуда қиындықтары бар 3 білім алушы қамтылды.

Педагогикалық диагностика нәтижелері ППҚҚ отырыстарында қарастырылып, білім алушыларға көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтауға негіз болды. Алынған мәліметтер негізінде жеке дамыту, түзете-дамыту және жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

Дамыту (түзету) бағыты

ПМПК ұсыныстары мен педагогикалық диагностика нәтижелеріне сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламалары әзірленді, ал мектепішілік бақылау және педагогикалық диагностика нәтижелері бойынша оқуда қиындықтары бар білім алушыға жеке дамыту бағдарламалары құрылды.

Оқу жылы барысында білім алушылармен жүргізілген түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері тоқсан сайын талданып, жетістіктері белгіленді. Ағымдағы бақылау мен мониторинг нәтижелері негізінде жекелеген білім алушыларға көрсетілетін қолдау түрлері нақтыланып, қажет болған жағдайда жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2025–2026 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға көрсетілген түзете-дамыту жұмыстарының сандық көрсеткіштері

Р/с	**Аңғарымы**	**Бала саны**	**Балдық бағалау**			
			0 мақсаттарға қол жеткізілмеді (0-25%)	1 мақсаттарға ішінара қол жеткізілді (26-50%)	2 мақсаттарға толық қол жеткізілмеді (51-75%)	3 мақсаттарға қол жеткізілді (76-100%)
1	Психикалық даму тежелген білім алушылар	16	0	1	5	10
2	Жеңіл түрде зияты қазымдалған білім алушылар	8	1	0	2	5
3	Орташа түрде зияты зақымдалған білім алушылар	0	0	0	0	0
4	Оқуда қиындықтары бар білім алушылар (ППҚҚ шешімімен тізімге алынған балалар)	1	0	0	1	0
Барлығы		25	1	1	8	15
Пайыздық динамика			4%	4%	32%	60%

2025–2026 оқу жылы бойынша түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері балдық бағалау негізінде қорытындыланды. Бағалау барысында білім алушылардың бағдарламада белгіленген мақсаттарға қол жеткізу деңгейі, тапсырмаларды орындау мүмкіндігі, оқу әрекетіне қатысуы және түзете-дамыту бағыттары бойынша даму динамикасы талданды.

Әр балаға оқу жылының басы мен соңындағы даму ерекшеліктері мен жетістіктеріне жеке талдау жасалып, мінездеме берілді.

Консультативтік бағыт

Оқу жылы барысында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жеке және топтық форматта кеңестер ұйымдастырылып, баланың даму ерекшеліктері, оқу-тәрбие процесінде кездесетін қиындықтар, үй жағдайында оқу әрекетін қолдау, тапсырманы орындау кезінде көмек көрсету және баланың дербестігін дамыту жолдары түсіндірілді. Кеңес беру жұмыстары белгіленген тәртіпке сәйкес ата-аналарға кеңес беруді тіркеу журналында рәсімделді.

Сонымен қатар оқу жылы ішінде мектеп мұғалімдеріне ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсетілді.

Мұғалімдерге білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қысқа әрі нақты нұсқау беру, көрнекі тіректерді қолдану, тапсырманың көлемі мен күрделілік деңгейін реттеу,

жауап беру формасын өзгерту және оқу процесінде қолжетімді қолдау түрлерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді. Өткізілген консультациялар кеңес беруді тіркеу журналында белгіленді.

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты

Қыркүйек айында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізіліп, бала туралы бастапқы мәліметтер жинақталды. Ата-аналарға білім алушыларды бағалаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беріліп, психологиялық-педагогикалық қолдаудың түрлері жөнінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Көрсетілген кеңестер ата-аналарға кеңес беруді тіркеу журналында белгіленді.Ата-аналарға арналған кеңес беру материалдары берілді.

Материалдарда баланың зейінін шоғырландыру, есте сақтау және ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық ұсынымдар, үй жағдайында орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар қамтылды. Дайындалған материалдар ата-аналарға ұсынылып, кеңес беру барысында пайдаланылды.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында арнайы педагогтің жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Диагностикалық, дамыту-түзету, консультативтік, психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жоспарланған жұмыстар орындалды.

Жеке дамыту, түзете-дамыту және жеке оқу бағдарламалары бойынша білім алушылардың даму динамикасы талданып, бірқатар білім алушыларда оң өзгерістер байқалды. Ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру, әдістемелік қолдау көрсету және ағарту жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыстар ЕББҚ бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесіне қатысуын қолдауға және психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Педагог-логопедтің 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес диагностикалық, консультативтік, дамыту (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастыру-әдістемелік бағыт

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ-ның жылдық жұмыс жоспары, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар педагог-логопедтің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жұмыс жоспары, ата-аналарға берілетін кеңестерді тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне арналған кеңестерді тіркеу журналы және білім алушылардың логопедиялық сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітіліп, рәсімделді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары, білім алушылардың сабақтағы сөйлеу әрекетін бақылауға арналған хаттамалар дайындалды.

Оқу жылы барысында мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың мектепішілік сыныптан тыс іс-шараларға қатысуына қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. Іс-шаралар кестесі сынып жетекшілерімен және ата-аналармен алдын ала келісілді. Білім алушылардың «Мұғалімдер күні», «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні», «22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні», «9 мамыр – Жеңіс күні» мерекелеріне арналған мектепішілік іс-шараларға қатысуына жағдай жасалды.

Іс-шаралар барысында білім алушылардың жеке мүмкіндіктері, сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері, қарым-қатынасқа түсу белсенділігі және қатысу мүмкіндігі ескеріліп, қажет болған жағдайда педагог-логопед тарапынан қолдау көрсетілді. Әр іс-шара бойынша фотоесептер жасалып, қатысушылар тізімдері рәсімделді. Аталған жұмыстар білім алушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, қарым-қатынас дағдыларын дамытуына және мектеп өміріне белсенді қатысуына ықпал етті.

Оқу жылы барысында ППҚҚ-ның жоспарлы отырыстарына қатысу қамтамасыз етіліп, білім алушылардың сөйлеу тілінің даму динамикасы, түзете-дамыту бағдарламаларының орындалу барысы, оқу және жазу дағдыларының қалыптасу деңгейі туралы ақпарат берілді. Отырыстарда білім алушылардың жетістіктері белгіленіп, түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері талданды. Жүргізілген мониторинг пен ағымдағы бақылау нәтижелері негізінде жекелеген білім алушыларға көрсетілетін логопедиялық қолдау түрлері нақтыланып, қажет болған жағдайда түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Диагностикалық бағыт

Оқу жылының басында ПМПК қорытындылары мен ұсыныстары зерделенді. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың ерекшеліктерін терең зерттеу, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мақсатында сабақтарға қатысу ұйымдастырылып, бақылау хаттамалары толтырылды.

1–15 қыркүйек аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Диагностика барысында білім алушылардың сөйлеу тілін түсінуі, дыбыс айтуы, сөздік қоры, лексика-грамматикалық құрылымы, сөйлем құрауы, байланыстырып сөйлеуі, фонематикалық қабылдауы, оқу және жазу дағдылары қарастырылды.

ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес 23 білім алушыға логопедиялық диагностика жүргізіліп, сөйлеу карталары толтырылды. Диагностика нәтижесінде логопедиялық түзете-дамыту сабақтарына барлығы 22 білім алушы тізімге алынды.

Олардың ішінде СТЖД 1-деңгейімен – 2 білім алушы, СТЖД 2-деңгейімен – 8 білім алушы, СТЖД 3-деңгейімен — 8 білім алушы, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар — 3 білім алушы және тұтықпасы бар — 1 білім алушы қамтылды.

Логопедиялық диагностика нәтижелері ППҚҚ отырыстарында қарастырылып, білім алушыларға көрсетілетін логопедиялық қолдау жұмыстарының мазмұнын анықтауға негіз болды. Алынған мәліметтер негізінде түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

Дамыту (түзету) бағыты

ПМПК ұсыныстары мен логопедиялық диагностика нәтижелеріне сәйкес сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламалары әзірленді. Атап айтқанда, ПМПК қорытындысы бар – 21 білім алушыға түзете-дамыту бағдарламасы, ал мектепішілік бақылау және логопедиялық диагностика нәтижелері бойынша сөйлеу, оқу және жазу дағдыларында қиындықтары бар – 1 білім алушыға жеке дамыту бағдарламалары құрылды.

Бағдарламаларға сәйкес жеке, кіші топтық және топтық логопедиялық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалып, бекітілген сабақ кестесі бойынша түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Оқу жылы барысында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылармен жүргізілген логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері тоқсан сайын талданып, жетістіктері белгіленді. Ағымдағы бақылау мен мониторинг нәтижелері негізінде жекелеген білім алушыларға көрсетілетін логопедиялық қолдау түрлері нақтыланып, қажет болған жағдайда түзете-дамыту және жеке дамыту бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2025–2026 оқу жылында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға көрсетілген түзете-дамыту жұмыстарының сандық көрсеткіштері

№	Аңғарымы	балдық бағалау				
		Бала саны	**0 мақсаттарға қол жеткізілмеді (0%)**	**1 мақсаттарға ішінара қол жеткізілді (25%)**	**2 мақсаттарға толық қол жеткізілмеді (50%)**	**3 мақсаттарға қол жеткізілді (100%)**
1.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 1 деңгей	2	1		1	0
2.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 2 деңгей	8	0	2	2	4

3.	Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 3 деңгей	8	0	3	3	2
4.	Жазбаша сөйлеу тілінде бұзылыстары	3	0	1	1	1
5.	Тұтықпа	1	0	0	1	0
	Барлығы	22	1	6	8	7

2025–2026 оқу жылы бойынша логопедиялық түзете-дамыту жұмыстарының нәтижелері балдық бағалау негізінде қорытындыланды. Бағалау барысында білім алушылардың бағдарламада белгіленген мақсаттарға қол жеткізу деңгейі, логопедиялық тапсырмаларды орындау мүмкіндігі, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларының қалыптасуы, сондай-ақ түзете-дамыту бағыттары бойынша даму динамикасы талданды.

Бұзылыс түрлері бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде:

Жалпы 22 білім алушы логопедиялық тексеруден өтті.

Оның ішінде:

1 оқушыда мақсаттарға қол жеткізілмеді;

6 оқушыда мақсаттарға ішінара қол жеткізілді;

8 оқушыда мақсаттардың 50%-ы орындалды;

7 оқушы оқу мақсаттарына толық қол жеткізді.

Ең жоғары нәтиже Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 2 деңгейі бар оқушылар арасында байқалды — 4 оқушы толық нәтижеге жеткен.

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 1 деңгейіндегі оқушыларға қосымша түзете-дамыту жұмыстары қажет.

Тұтықпасы бар білім алушыда оң динамика байқалғанымен, толық нәтижеге жету үшін жүйелі жұмыс жалғастырылуы тиіс.

Жүргізілген түзете-дамыту жұмыстарының нәтижесінде оқушылардың басым бөлігінде сөйлеу дағдыларының оң динамикасы байқалды. Алдағы кезеңде дыбысты машықтандыру, байланыстырып сөйлеу, фонематикалық қабылдау және жазбаша сөйлеуді дамыту бағытындағы жұмыстар жалғастырылады.

Консультативтік бағыт

Оқу жылы барысында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық және логопедиялық кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата-аналардың сұраныстарына сәйкес жеке және топтық форматта кеңестер ұйымдастырылып, баланың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері, дыбыс айтудағы қиындықтар, оқу және жазу дағдыларындағы бұзылыстар, үй жағдайында сөйлеу тілін дамыту және логопедиялық тапсырмаларды орындау жолдары түсіндірілді. Кеңес беру жұмыстары белгіленген тәртіпке сәйкес ата-аналарға кеңес беруді тіркеу журналында рәсімделді.

Сонымен қатар оқу жылы ішінде мектеп мұғалімдеріне сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсетілді. Кеңестер жеке және топтық форматта жүргізілді. Кеңес беру барысында ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту, оқу және жазу қиындықтарын ескеру, сабақ мазмұнын бейімдеу, тапсырмаларды саралау, визуалды тіректерді, тірек сөздер мен сөйлем үлгілерін қолдану мәселелері қарастырылды.

Мұғалімдерге білім алушылардың сөйлеу ерекшеліктерін ескере отырып, қысқа әрі нақты нұсқау беру, сұрақтарды жеңілдету, жауап беру формасын өзгерту, дыбыс айту мен сөйлем құрау дағдыларын сабақ барысында қолдау және логопедиялық ұсынымдарды оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді. Өткізілген консультациялар кеңес беруді тіркеу журналында белгіленді.

Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты

Қыркүйек айында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың ата-аналарымен әңгіме жүргізіліп, бала туралы бастапқы мәліметтер жинақталды. Ата-аналарға логопедиялық бағалаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беріліп, психологиялық-педагогикалық қолдаудың түрлері жөнінде ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Көрсетілген кеңестер ата-аналарға кеңес беруді тіркеу журналында белгіленді.

Оқу жылы барысында психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты бойынша ата-аналар мен мұғалімдерге арналған семинар-тренингтер, әдістемелік семинарлар, практикумдар, чек-парақтар және үлестірмелі материалдар жоспарға сәйкес жүргізілді. Аталған жұмыстар ата-аналар мен мұғалімдердің сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларды қолдау бойынша білімін кеңейтуге, логопедиялық ұсынымдарды оқу процесіне енгізуге және сөйлеу тілін мектеп пен үй жағдайында бірізді дамытуға бағытталды.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында педагог-логопедтің жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды. Диагностикалық, түзете-дамыту, консультативтік, ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жоспарланған жұмыстар орындалды.

Логопедиялық қолдау нәтижесінде білім алушылардың сөйлеу тілі, оқу және жазу дағдылары бойынша даму динамикасы талданды, бірқатар білім алушыларда оң өзгерістер байқалды.

Жыл бойы ата-аналар мен мұғалімдерге кеңес беру және әдістемелік қолдау жұмыстары жүргізіліп, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларды қолдаудың бірізділігі қамтамасыз етілді.

VI. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША ТАЛДАУ

1. Қолжетімді білім беру ортасын ұйымдастыру

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2011 жылдан бастап ***инклюзивті білім беру*** кезең-кезеңімен енгізілуде. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімделуіне мектепте барлық жағдайлар жасалған.

Мектеп ғимараты мүмкіндігі шектеулі балалар үшін объектінің қолжетімділігіне қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді: пандус, барлық баспалдақтар мен пандустардың екі жағында тұтқалар, қозғалыс жолдарының бедерлі тактильді белгілері, тақтайшалар мен көрсеткіштер, әмбебап кабинасы бар санитарлық торап, шақыру түймелері, есіктердің мөлдір төсемдерінде жарқын контрастты таңбалау, мүгедектерге арналған баспалдақ көтергіші бар. Пандусы, тұтқалары бар кіру алаңының өлшемдері, табалдырықтардың биіктігі, есік саңылауларының ені мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта талаптарына сәйкес келеді.

Штат кестесінде 1 бірлік әлеуметтік педагог, 5 бірлік педагог-психолог, 1,5 бірлік логопед, 1 бірлік дефектолог қарастырылған. Мектептің барлық педагогтары инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарында оқыды. Мектептегі кедергісіз физикалық және психологиялық орта инклюзивті білім беруді тиімді енгізуге ықпал етеді.

Мектепте ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының ерекше білім беру қажеттілігі анықтауды және бағалауды

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының отбасына, педагогтерге консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді;

3) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандар тобына мұғалімдер, педагог-психологтар, логопед, арнайы педагог, педагог-ассистенттер кірді.

2. Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың саны

3. Оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендерді бейімдеу

Инклюзивті сыныптарда ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың саны:

Бұзылу түрлері	**Білім алушылар саны**	
	2024-2025	**2025-2026**
Инклюзивті сыныптар саны	24	24
Инклюзивті сыныптардағы оқушылар саны	28	25
Оның ішінде:		
Психикалық дамуының тежелуі	13	12
Зиятының жеңіл бұзылысы	11	8
Тірек-қимыл аппаратының бұзылуы	2	0
Аутизм спектрінің бұзылуы (РАС)	1	4
Көру қабілетінің бұзылуы: көру қабілеті нашар бала.	1	1

2025-2026 оқу жылы ерекше білім беруде қажеттілігі бар балалардың саны 25 оқушы. Оның ішінді 8 оқушы арнайы оқу бағдарламамен оқытылды, 17 оқушы бейімделген жалпы оқу

бағдарламамен оқытылды. Әр оқушыға жеке оқу жоспары мен оқу бағдарламасы құрастырылды. Барлық 25 ЕББҚ бар оқушы арнайы және бейімделген бағдарламаларын меңгерді.

2025-2026 оқу жылы негізгі орта мектепті 2 оқушы аяқтады, оның ішінде негізгі орта білім туралы аттестат 1 оқушыға, білім туралы аттестат (серия БТ) 1 оқушыға табысталды.

Ата-ана өтініші, Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы, ПМПК қорытындысы мен ұсынымдары негізінде 2025-2026 оқу жылынын 4 оқушыға үйде тегін жеке оқыту ұйымдастырылды. Оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 оқушыға бейімделген бағдарлама құрастырылды, норма типтік 3 оқушы жалпа оқу бағдарламамен оқытылды.

2025-2026 жж мониторинг қорытындысы бойынша ЕББҚ бар білім алушылар арасында үлгерімі төмен оқушылар жоқ, үлгерім пайызы 100% құрайды. Оқытудың нәтижелілігіне психологтармен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен сабақтар да оң әсер етті. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен мектепте бейімделуге және әлеуметтенуге бағытталған жеке сабақтар, іс-шаралар, сондай-ақ ата-аналармен консультациялар өткізіледі. Сынып жетекшілері бұл оқушыларды тәрбие процесіне тартады, ЕББҚ бар балалар сынып сағаттарына, қолданбалы өнер конкурстарына, дамушы сипаттағы жалпы мектептік іс-шараларға қатысады.

4. Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысына талдау

Астана қаласының Білім басқармасының жоспары негізінде ағымдағы оқу жылына инклюзивті мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жоспар әзірленді.

2025 жылғы қыркүйек–желтоқсан айлары аралығында мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, қолайлы психологиялық-педагогикалық орта қалыптастыруға және инклюзивті мәдениетті дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілді.

- ✓ Ұйымдастырушылық-басқарушылық бағыт

2025 жылғы қыркүйек айында инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар мектептің жылдық жоспарына және мектепішілік бақылау жоспарына енгізілді. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) құрылып, оның жұмыс жоспары бекітілді. Қызметтің жұмысы ЕБҚ бар білім алушыларды кешенді қолдауға, педагогтер мен ата-аналарға әдістемелік көмек көрсетуге бағытталды. Есептік кезеңде ПМПК қорытындылары негізінде ЕБҚ бар білім алушылардың оқу жағдайына талдау жүргізіліп, нәтижелері бойынша анықтама дайындалып, педагогтерге ұсыныстар берілді.

- ✓ Педагогтермен әдістемелік жұмыс

2025 жылғы қазан айында «ҚР МЖМБС аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдеу» тақырыбында оқыту семинары өткізілді. Семинар қорытындысы бойынша педагогтерге бейімделген оқу бағдарламаларын әзірлеу және түзету бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді.

Желтоқсан айында мектеп медиация қызметі аясында «Инклюзивті білім берудегі медиация — бір партада бәрі тең» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг педагогтер арасында толерантты қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға және жанжалдардың алдын алуға бағытталды. 2026 жылғы ақпан айында «Қысқа мерзімді жоспар құрастыру және бағалау дескрипторларын әзірлеу» коучингі өткізілді.

Жыл бойы ППҚҚ мамандары тарапынан педагогтерге ЕБҚ бар балаларды оқыту және сүйемелдеу мәселелері бойынша тұрақты консультациялар жүргізілді.

- ✓ Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Есептік кезеңде ЕБҚ бар білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға ұсыныстар әзірленді. ПМПК қорытындылары мен білім алушылардың даму динамикасын ескере отырып, жеке білім беру бағдарламалары әзірленіп, түзетілді.

2025 жылғы қазан айында педагог-психолог тарапынан педагогтерге арналған «Психологиялық қонақ бөлме» тренингі өткізілді.

- ✓ Білім алушылармен жұмыс

2025 жылғы қазан айында 5–9 сынып білім алушылары үшін «Мен кіммін? Мен қандаймын?» тренингі өткізілді.

Қараша айында «Аққала мен достары» сурет байқауы ұйымдастырылып, білім алушылардың бірлескен шығармашылық қызметке қатысуына жағдай жасалды. 2026 жылғы сәуір айында «Біз әртүрліміз — біз теңбіз» тақырыбындағы сынып сағаттары өткізілді.

ЕБҚ бар білім алушылар мектепішілік іс-шараларға, сондай-ақ мектеп парламенті президентін сайлауға кандидат ретінде қатыстырылды, бұл оқушылардың өзін-өзі басқаруға тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз етті.

- ✓ Ата-аналармен өзара іс-қимыл

2025 жылғы қазан айында «Балаңызға қалай көмектесе аласыз?» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Қыркүйек–желтоқсан айлары аралығында ЕБҚ бар білім алушылардың ата-аналарына сұраныс бойынша жеке консультациялар жүргізілді. 2026 жылғы наурыз айында «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы қалай қолдау керек» психологиялық-педагогикалық лекторий ұйымдастырылды.

- ✓ Инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру

Есептік кезеңде педагогтер оқу материалдары мен тапсырмаларды ЕБҚ бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдеу жұмыстарын жүргізді.

Сынып ұжымдарындағы психологиялық ахуалға мониторинг жасалып, қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды.

Қорытынды

2025-2026 оқу жылында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізілген жұмыстар жүйелі сипатқа ие болып, ЕББҚ бар білім алушылардың табысты оқуы мен әлеуметтенуіне жағдай жасауға бағытталды.

VII. 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН SWOT-ТАЛДАУ

Мықты жақтары	**Әлсіз жақтары**
• Мемлекеттік стандарт толық көлемде орындалды. Барлық оқу бағдарламалары өтті, пәндер бойынша артта қалушылық жоқ; • 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда 2025-2026 оқу жылында білім сапасы артты; • 5-11 сыныптарда жоғары БС көрсеткен пәндер: биология, орыс тілі мен әдебиеті, алгебра, дүниежүзі тарихы; • 2-4 сыныптарда пәндер бойынша білім сапасы 70%-86% ; • мектеп оқушылары қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқауларға тұрақты қатысып, жүлделі орындарды иеленуі; • оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық жобаларды енгізіуі; • жасанды интеллект құралдарын оқу үдерісінде қолдану • оқушылардың шығармашылығын арттыруда, ақпараттық, инновациялық технологияның тиімділігі; • оқу-тәрбие үдерісін толыққанды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған • жаңа модификация кабинеттерінің болуы; • оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз етілуі	• 5-10 сыныптарда төмен БС көрсеткен пәндер: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, химия, география, физика; • ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін оқу-әдістемелік кешендердің жеткіліксіздігі; • сабақтың берілу сапасындағы кемшіліктер; • педагогтердің шығармашылық жұмысқа белсенділігінің төмендігі; • білім алушылардың шығармашылығын дамытуға бейжай қарау; • Lesson study зерттеу жобасы және бойынша топтардың жұмысының толыққанды жүрмеуі; • оқушыларды олимпиада, ғылыми жобаларға тартудың жеткіліксіздігі, дайындықтың осалдығы. • сынып жетекшілер тарапынан тәрбиелік іс-шараларға әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданулары жеткіліксіздігі • 5-11 сынып ата-аналардың ата-аналар жиналысына келмеуі • Интернет желісінің төмендігі, қолжетімсіздігі
Мүмкіндіктері	**Қауіп**
• **Lessonstudy арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізу**; • БС жақсартуда жүйелі жұмыс жасау; • бастауыш сынып мұғалімдерімен сабақтастықта жұмыс жасау; • пән мұғалімдері өзара сабақтарға қатысу, бір-бірімен, сынып жетекшілерімен кері байланыс орнату; • қала, Республика, халықаралық деңгейде тәжірибе бөлісудің жеңілдігі (онлайн, офлайн) семинарларға,вебинарларға белсенді қатысу; • санатын мерзімінен бұрын көтеру; • Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту: олимпиада, ғылыми жоба жүлдегерлерін шығару; • шығармашылық топтардың жұмысын жетілдіру.	• мұғалімдер критериалды бағалау қағидаттарын дұрыс қолданбауы; теориялық білім мен практиканы ұштастыра алмауы; • пән мұғалімдері арасындағы сабақтастықтың жоқтығы; • оқушылардың пәнге қызығушылығын төмендетіп алу; • сынып жетекшісінің жүйелі жұмысының жеткіліксіздігі; • мектептің материалдық-техникалық базасын жақсартуға қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі.

SWOT-талдау негізінде 2026-2027 оқу жылында:

- мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту және оқу-тәрбие процесін жетілдіру үшін компьютерлік техниканы жаңарту;
- сынып жетекшілеріне білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында сыныппен жұмыс істеу нысандары мен әдістерін қайта қарау;
- инновациялық әдіс-тәсілдер және ЖИ-ті саралап тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыру;
- БС төмен көрсеткен пәндер бойынша білім олқылықтарын анықтау және түзету (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, химия, география, физика);
- 50% төмен білім сапасын көрсеткен қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиетінен 6 «Е» сыныбында, алгебрадан 6 «Е», 7 «Е» 8«В», 8«Г» 8«Е», 9«А» сыныптарында; геометриядан 8«В», химиядан **8«В», 8«Г», 8«Е»,** географиядан 7«Е», 8«В», 8«Г»; физикадан 7 «Е», 8«В», 8«Г», 8«Д», 8«Е», 9«Д» сыныптарында пән мұғалімдерімен нақты жұмыс жүргізу, әкімшілік бақылау жүргізу;
- пән мұғалімдері тарапынан білім сапасын арттыруға бағытталған факультативтік, қосымша сабақтар мен консультациялар кестесі жасалып, жүйелі түрде өткізу;
- білім алушылардың нақты оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу, бағалаудың ашықтығы мен нақтылығы қамтамасыз ету;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларының сапасын жетілдіру және орындалуын тұрақты бақылау;
- инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;
- Lesson study және SHER жобасы арқылы пәнге қызығушылықты арттыру, білім сапасын көтеру;
- оқушыларды ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарға қатысуын арттыру мақсатында қатысуын ынталандыру;
- оқушылардың пәндік олимпиадалармен қатар ғылыми жобалар мен зияткерлік конкурстарға қатысу аясын кеңейту;
- оқыту сапасын арттыру мақсатында инновациялық (эксперименттік) жобалар енгізуді жалғастыру;
- әдістемелік бірлестіктердің қызметін қарқынды жүргізу: педагогтердің зияткерлік және шығармашылық конкурстарға қатысу белсенділігін арттыру, қалалық, республикалық деңгейлерде инновациялық педагогикалық тәжірибені насихаттау және жалпылау;
- әдістемелік жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, олардың мазмұнын практикалық бағытта (шебер-сынып, коучинг, тренинг) ұйымдастыру;
- жоғары нәтижелер көрсеткен пән мұғалімдерінің тиімді тәжірибелері зерделеніп, әдістемелік бірлестік отырыстарында тарату;
- оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, оқушылардың бойына адами құндылықтарды сіңіру, мектеп пен отбасының өзара байланысын нығайту мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүйелі жүзеге асыру
- авторлық бағдарлама, оқу-әдістемелік құралдарды вариатив компонентіне пайдалануға енгізу;
- оқушылардың қызығушылықтарын зерттей отырып, заманауи бағыттағы үйірмелер ашу;
- спорттық секцияларға қатысатын оқушылар санын көбейту (футбол, баскетбол, волейболмен қатар шахмат, тоғызқұмалақ, күрес);
- сапалы білім беруді жетілдіру қажет.

VIII. 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

2026-2027 оқу жылына мектептің өзекті тақырыбы:

«Жасанды интеллект дәуіріндегі сапалы білім: педагогтің кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы функционалдық сауатты, құндылыққа бағдарланған және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру».

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіру, жасанды интеллект пен заманауи білім беру технологияларын педагогикалық тұрғыдан тиімді, қауіпсіз және жауапты қолдану арқылы білім сапасын арттыру, функционалдық сауатты, сыни ойлайтын, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері

- **Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру**
  Үздіксіз кәсіби даму, тәжірибе алмасу, Lesson Study, коучинг, тәлімгерлік және кәсіби қоғамдастықтар жұмысы арқылы мұғалімдердің әдістемелік шеберлігін арттыру.
- **Сабақтың сапасы мен тиімділігін арттыру**
  Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретін сараланған, тұлғаға бағытталған және белсенді оқыту әдістерін жүйелі қолдану.
- **Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды тиімді енгізу**
  Жасанды интеллект құралдарын сабақ жоспарлау, оқу материалдарын әзірлеу, кері байланыс беру, оқу нәтижелерін талдау және оқытуды дараландыру мақсатында қолдану.
- **Цифрлық қауіпсіздік пен академиялық адалдықты қамтамасыз ету**
  Педагогтер мен білім алушылардың жасанды интеллектіні қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану дағдыларын қалыптастыру, дербес деректерді қорғау және ақпараттың шынайылығын тексеру мәдениетін дамыту.
- **Функционалдық сауаттылықты дамыту**
  Оқу, математикалық, жаратылыстану-ғылыми, цифрлық, қаржылық, құқықтық және ақпараттық сауаттылықты барлық пәндердің мазмұнына кіріктіру.
- **Зерттеушілік және жобалық мәдениетті қалыптастыру**
  Білім алушыларды оқу-зерттеу, шығармашылық және әлеуметтік жобаларға тарту арқылы олардың сыни ойлау, мәселе шешу, дәлелдеу және өз ойын негіздеп жеткізу дағдыларын дамыту.
- **Бағалау жүйесін жетілдіру**
  Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету, сапалы кері байланыс беру және білім алушылардың оқу жетістіктері туралы деректерді педагогикалық шешімдер қабылдау үшін пайдалану.
- **Оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету**
  «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру, білім алушылардың отансүйгіштік, жауапкершілік, еңбекқорлық, әділдік және заңға құрмет қасиеттерін қалыптастыру.
- **Инклюзивті және қауіпсіз білім беру ортасын дамыту**
  Барлық білім алушыларға тең мүмкіндік беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау және психологиялық тұрғыдан қолайлы орта қалыптастыру.
- **Мектеп, ата-ана және қоғам ынтымақтастығын нығайту**
  Білім алушының дамуына бағытталған бірлескен жобаларды ұйымдастыру және ата-аналардың цифрлық әрі педагогикалық мәдениетін арттыру.

Күтілетін нәтижелер

Оқу жылының соңында:

Педагог қызметіндегі нәтижелер

- педагогтердің кәсіби және цифрлық құзыреттілік деңгейі артады;
- мұғалімдер жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатқа сай, қауіпсіз және жауапты қолданады;
- сабақтарда саралау, зерттеу, жобалау және белсенді оқыту әдістері жүйелі пайдаланылады;
- педагогтер білім сапасын талдау барысында оқу деректеріне сүйеніп, негізделген шешім қабылдайды;
- Lesson Study, Action Research, тәлімгерлік және тәжірибе алмасу жұмыстарының нәтижелілігі артады;
- қалыптастырушы бағалау мен сапалы кері байланыс беру тәжірибесі жетілдіріледі;
- педагогтердің авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар және цифрлық білім ресурстарын әзірлеуге белсенділігі артады.

Білім алушының дамуындағы нәтижелер

- білім алушылардың білім сапасы мен оқу мотивациясында оң динамика байқалады;
- функционалдық сауаттылық деңгейі артады;
- білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілеті қалыптасады;
- сыни, шығармашылық және алгоритмдік ойлау дағдылары дамиды;
- ақпаратты іздеу, талдау, салыстыру және оның шынайылығын бағалау қабілеті жетіледі;
- жасанды интеллектіні қауіпсіз, этикалық және академиялық адалдық қағидаларына сай пайдалану мәдениеті қалыптасады;
- зерттеу, жоба әзірлеу, топта жұмыс істеу, мәселе шешу және өз ойын дәлелдеу дағдылары дамиды;
- пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, зияткерлік және шығармашылық байқауларға қатысу нәтижелілігі артады;
- ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды құрметтейтін, жауапты әрі еңбекқор тұлғалық қасиеттер қалыптасады.

Мектеп деңгейіндегі нәтижелер

- білім сапасын арттыруға бағытталған бірыңғай әдістемелік жүйе қалыптасады;
- мектептің әдістемелік бірлестіктері мен кәсіби педагогикалық қоғамдастықтарының жұмысы жетілдіріледі;
- озық педагогикалық тәжірибені анықтау, жинақтау және тарату жүйеленеді;
- оқу жетістіктерін мониторингтеу және білімдегі олқылықтарды түзету жұмыстарының тиімділігі артады;
- қауіпсіз, инклюзивті және құндылыққа бағдарланған білім беру ортасы нығаяды;
- мектеп, ата-ана және қоғам арасындағы ынтымақтастықтың тиімділігі артады;
- мектептің білім сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсететін негізгі көрсеткіштерінде оң динамика қамтамасыз етіледі.